

Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына

Кімнен: «7 жұрт» қоғамдық бірлестігінің
төрағасы Жұлдыз Мұратхан Закарияқызы
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

| | | | | |
|--|---|--------|-------------|--------------------------------------|
| 1. Өтініш беруші | | | | |
| 1. БСН | 171140033134 | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | 24 қараша 2017 | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | «7 жұрт» қоғамдық бірлестігі | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Есенберлин көшесі, 15 | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Мұратхан | Жұлдыз | Закарияқызы | «7 жұрт» қоғамдық бірлестік төрағасы |
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | Негізгі мақсаты – әлеуметтік мәдени іс шараларды ұйымдастыру. - білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу; - жастар саясатын дамыту және жастар бастамаларын қолдау; - жастарды патриоттық тәрбиелеу бойынша іс-шаралар ұйымдастыру; - әр түрлі өзекті мәселелер бойынша тренингтер, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірсайыстар мен осыған ұқсас іс-шараларды өткізу; - әр түрлі ұйымдарға ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық көмек көрсету; - қоғамдық және ұлтаралық келісімді насихаттау; - мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу; - тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру; - жастар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу. | | | |

| | | | | | | | |
|--|---|---|--|--|-------------------|--|--|
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | 11-18 жас аралығындағы жасөспірімдер, 18-29 жас аралығындағы жастар, жас мамандар, спортшылар, қоғам белсенділері, шығармашыл жастар, студенттер, жалпы орта мектеп оқушылары, жұмыссыздар, Маңғыстау облысына қарасты азаматтар мен азаматшалар. | | | | | | |
| 8. Ұйымның байланыс телефоны | +77015514484 | | | | | | |
| 9. Электрондық пошта мекенжайы | rgaqtan@gmail.com | | | | | | |
| 10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты | жоқ | | | | | | |
| 11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар) | Instagram: @7_zhurt Facebook: Zheti Zhurt | | | | | | |
| 12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері. | | | | Орындау кезеңі | | Негізгі нәтижелері | |
| | № | Әлеуметтік жобаның атауы | Қаржыландыру көлемі (теңге) | Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші | Басталуы | Аяқталуы | |
| | 1 | Жас мамандар арасында «Жігіт сұлтаны» облыстық байқауы | Қоғамдық бірлестік қаражаты негізінде | Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы КММ | Шілде 2017 жыл | Қыркүйек 2017 жыл | Байқау нәтижесінде 3 маман марапатталды. |
| | 2 | Маңғыстау облысының самбо күресінің аға жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі төреші Айбек Жанболатұлымен тікелей эфир | Қаржысыз | Қоғамдық бірлестік төрағасы Жүсіп Айгүл | 21 сәуір 2020 жыл | 21 сәуір 2020 жыл | Карантин жағдайында аға жаттықтырушы жастарға мол үлгі-өнеге көрсете алатынын жеткізді. Тікелей эфир барысында жастарға онлайн жаттығулар көрсетілді. Қатысушылар саны – 29. |
| 3 | NEET санатындағы жастармен жұмыс жүргізу қызметі | Қоғамдық бірлестік қаражаты негізінде | Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы КММ | 2021 жыл сәуір | 2021 жылы мамыр | Маңғыстау облысы ресурстық орталығына қарасты аудан орталығының 30 қызметкері оқытылды. 20 | |

| | | | | | | |
|---|---|-----------|--|-------------------|--------------------|---|
| | | | | | | әдістемелік құрал таратылды. |
| 4 | Ақтау қалалық мәслихатының депутаты Абылай Фазылбекпен тікелей эфир | Қаржысыз | Қоғамдық бірлестік төрағасы Жүсіп Айгүл | 13 шілде 2021 жыл | 13 шілде 2021 жыл | Маңғыстаулық жастардың белсенді өкілдерін мемлекеттік бастамаларды ілгерілетуге және іске асыруға тарту мақсатында Ақтау қалалық мәслихатының депутаты Абылай Фазылбекпен қоғамдық бірлестік Facebook парақшасында тікелей эфир өтті. Қатысушы тәуелсіздік құрдастарының саны - 18. |
| 5 | «Жас маман» жобасы | 7 000 000 | «Маңғыстау облысының білім басқармасы» ММ, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ | 5 сәуір 2023 жыл | 30 қараша 2023 жыл | <ul style="list-style-type: none"> - «Жас басқарушылар» мектебі аясында 100 жас маманға 6 рет 7 тақырып бойынша тренинг өткізілді. - Жобаға үздік сертификатталған 2 тренер және өңірлік 4 тренер тартылды. - 100 қатысушыға арнайы таратпа материалдар, оқуды аяқтағандығы туралы сертификат табыс етілді. - Бал нәтижесі бойынша үздік деп танылған 10 жас маманға Маңғыстау облысы білім басқармасының басшысы Динара Жұмашеваның алғыс хаты табысталды. - 100 мұғалім Есенов университетіне, Назарбаев зияткерлік мектебіне тәжірибе алмасуға барды. |

| | | | | | | |
|---|--|-----------|--|-------------------|-----------------|--|
| | | | | | | <p>- 100 жас маманға TED форматта Yessenov University-нің академиялық жұмыс жөніндегі вице-президенті, э.ғ.к., РФ компьютерлік ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі Қайырбек Макуловпен кездесу ұйымдастырылды.</p> <p>- 7 кезеңнен тұратын Куиз зияткерлік ойыны ұйымдастырылды. 5 топқа бөлінген командаларға логикалық сұрақтар, тарих, әдебиет, спорт және т.б. да бағыттағы сұрақтар қойылды. 3 орынға «Марс» тобы, 2 орынға «Арпа ішіндегі бір бидай» командасы, 1 орынға «7 жұрт + 1» командасы ие болды. Жеңімпаз командаларға алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етілді.</p> <p>Маңғыстау облыстық шұғыл медициналық жәрдем станция өкілдерімен, ТЖБ қызметкерлерімен 2 рет практикалық оқытулар өткізілді.</p> |
| 6 | Талантты және дарынды жастарға арналған жол жүру гранттары | 8 024 400 | «Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ, | Қыркүйек 2023 жыл | Қараша 2023 жыл | <p>- Жоба аясында 25 жас зияткерлік бағыты бойынша Тараз қаласына жолдама алды.</p> |

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | <p>«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ</p> | <ul style="list-style-type: none"> - Жоба аясында 25 жас мәдени-қоғамдық іс-шаралар бағыты бойынша Орал, Алматы қалаларына жолдама алды; - Жоба аясында 25 жас спорттық іс-шаралар бағыты бойынша Орал, Қызылорда қалаларына жолдама алды; - Жоба аясында 25 жас шығармашылық бағыты бойынша Астана, Атырау қалаларына жолдама алды; - Қатысушыларды жобаға шақыру мақсатында 1 тікелей эфир жүргізілді - Жоба аясында барлығы 150 өтінім келіп түсті. - Әлеуметтік желіге қорытынды 1 бейнеролик жарияланды; - Жастарды жобаға тарту мақсатында 4 афиша постер шығарылды. - «Маңғыстау Медиа», «Маңғыстау жастары» сайттарына 2 материал шығарылды; <p>Әлеуметтік желі парақшаларына барлығы 23 басылым жарияланды.</p> |
|--|--|--|--|--|--|

2. Әлеуметтік жобаның командасы

| | |
|--|--|
| <p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p> | <p>Баймурзаева Гулназ Женисқызы – жоба жетекшісі Туған күні, айы, жылы: 15.09.2004 ж. Электронды поштасы: graqtau@gmail.com Жұмыс телефоны: +7747 838 86 14 Ұялы телефоны: +7706 970 18 08 Білімі: Арнаулы орта білім «Есенов колледжі» ЖШС, 2020-2023 жыл, күндізгі бөлім, «Заңгер» мамандығы. Жоғарғы оқу орын: Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті, 2023-2026 жыл, күндізгі бөлім, «Заңгер» мамандығы.</p> |
| <p>2. Жұмыс тәжірибесі</p> | <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: Жастар ресурстық орталығы – Лауазым: NEET санатындағы жастармен жұмыс бөлімінің маманы – Басталған жылы: 2023 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: «7 жұрт» қоғамдық бірлестігі – Лауазым: жоба жетекшісі – Басталған жылы: 2023 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін |
| <p>3. Қосымша мәліметтер</p> | <p>Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының алғысы – 2021 жыл. Маңғыстау облысының жастар саясаты жөніндегі басқармасының алғысы – 2022 жыл. Маңғыстау облысының білім басқармасы Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастырумен өткен пікірсайыс ойының “Ең тапқыр ойыншы” иегері. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының ауыспалы кубогініне арналған пікірсайыс турниріне қатысқаны үшін алғыс хат – 2022 жыл. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығының ауыспалы кубогініне арналған пікірсайыс турнирінің 1орын жеңіпазы. Есенов колледжінің “Білімді студент” номинациясының иегері – 2022 жыл. EduStar Hackathon қатысушы сертификаты – 2021 жыл. Ақтау қалалық әкімдігінің қоғамдық даму орталығының алғыс хаты – 2022 жыл. Әлеуметтік жобадағы еңбек өтілі 1 жыл. Жалпы еңбек өтілі – 1 жыл.</p> |
| <p>4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме https://www.facebook.com/profile.php?id=100016031860555&mibextid=LQQJ4d https://www.instagram.com/gulnaz_zheniskyzy?igsh=bmZ1ZTd0dHp3bmEx</p> | |
| <p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p> | <p>Қалиева Жұлдызай Айдосқызы – қоғаммен байланыс жөніндегі маман Туған күні, айы, жылы: 19.03.1997 ж. Электронды поштасы: Zhuldyzay_kalieveva@mail.ru Ұялы телефоны: +7708 904 64 94 Білімі: Жоғары. Қызылорда қаласы, "Болашақ" университеті, «Журналист» мамандығы</p> |
| <p>2. Жұмыс тәжірибесі</p> | <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: Республикалық қоғамдық-әлеуметтік «Ұстаз мәртебесі» газеті – Лауазым: журналист – Басталған жылы: 2018 – Аяқтаған жылы: 2019 |

| | |
|--|---|
| | <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: «Әлімсақ» журналы – Лауазым: журналист – Басталған жылы: 2018 – Аяқтаған жылы: 2019 – Ұйым: Маңғыстау облыстық mangystaumedиа.kz сайты – Лауазым: СММ журналист – Басталған жылы: 2019 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: Маңғыстау облыстық көпбейінді ауруханасы – Лауазым: баспасөз хатшы – Басталған жылы: 2021 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: Маңғыстау облыстық жастар ресурстық орталығы – Лауазым: баспасөз хатшы – Басталған жылы: 2022 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: "Ақтау студенттер Альянсы" корпоративтік қоры – Лауазым: қоғаммен байланыс жөніндегі маман – Басталған жылы: 2022 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: «7 жұрт» Қоғамдық бірлестігі – Лауазым: қоғаммен байланыс жөніндегі маман – Басталған жылы: 2023 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін |
| 3. Қосымша мәліметтер | Әлеуметтік жобاداғы еңбек өтілі 6 жыл. Жалпы еңбек өтілі – 8 жыл. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | https://www.facebook.com/profile.php?id=100009304058650&mibextid=LQQJ4d https://www.instagram.com/zhudizkalieva?igsh=Z2liaDd1Y2FianU= |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобاداғы команда қатысушысының лауазымы | Утегалиева Жансулу Сериковна – жоба есепшісі Туған күні, айы, жылы: 26.09.1987 ж. Электронды поштасы: jansi87@mail.ru Жұмыс телефоны: +7778 848 40 05 Ұялы телефоны: +7775 830 70 38 |

| | |
|--|---|
| | Білімі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2006-2009 жыл, күндізгі бөлім, «Қаржы» мамандығы бойынша қаржы бакалавры. |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | <ul style="list-style-type: none"> – Ұйым: КСК "Айдын" – Лауазым: есепші – Басталған жылы: 2014 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: КСК "Премьер Сити" – Лауазым: есепші – Басталған жылы: 2020 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: "Мөлдіркөз" көзі көрмейтін мүгедектер қоғамдық бірлестігі – Лауазым: есепші – Басталған жылы: 2020 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: "Ақтау студенттер Альянсы" корпоративтік қоры – Лауазым: есепші – Басталған жылы: 2021 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: "Әлеуметтік бағдарламалар және инновациялар қоры" қоғамдық қоры. "Жарқыра" жобасы. – Лауазым: есепші – Басталған жылы: 2022 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін – Ұйым: «7 жұрт» Қоғамдық бірлестігі – Лауазым: есепші – Басталған жылы: 2023 – Аяқтаған жылы: бүгінгі күнге дейін |
| 3. Қосымша мәліметтер | Әлеуметтік жобадағы еңбек өтілі – 4 жыл, Жалпы еңбек өтілі – 13 жыл. |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме | https://instagram.com/zhansulu.utegalieva?igshid=NDk5N2NIZjQ= |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік | Аймақтағы жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты алдын алу |

| | |
|---|--|
| гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | “БАҒЫТТАЙЫҚ” жобасы |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | <p>Жас өскіннің бүршік жармай жатып қылмысқа баруы – жантүршігерлік жағдай. Десек те, елімізде жеткіншектердің қылмысы жылдан-жылға көбеймесе, азаймай тұр. Мәселен, республика бойынша 2023 жылы кәмелетке толмаған 700-ден аса жеткіншек қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Мысалы, наурыз айының өзінде 378 жасөспірім қылмысқа бой ұрған. Олардың ішінде ауыр емесі – 32, ауырлығы орташа – 147, ауыр – 162, аса ауыр 15 факт тіркелген. Сілтеме: https://egemen.kz/article/339683-zhasospirimder-arasyndaghy-qylmystynh-sebebi-men-saldary Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 бабында Қазақстан Республикасының басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары делінген. Сондықтан Қазақстан Республикасының әр азаматының міндеті – заң талаптарын сақтау, өзге адамдардың құқығын бұзбау, өзіне жүктелген міндеттерін жете біліп орындау болып табылады. 2024 жылғы 21 қаңтардағы дерек бойынша Маңғыстау облысында қазіргі таңда 146 жалпы орта мектеп жұмыс жасайды. Сілтеме: https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%B0%D2%A3%D2%93%D1%8B%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%83_%D0%BE%D0%B1%D0%BB%D1%8B%D1%81%D1%8B_%D0%BC%D0%B5%D0%BA%D1%82%D0%B5%D0%BF%D1%82%D0%B5%D1%80%D1%96 2023-2024 оқу жылдарында 5-9 сыныпта 81 905 оқушы, 10-11 сыныпта 15 568 оқушы білім алуда. 2023 жылдың 22-24 қыркүйек күндері аралығында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында түнгі 23:00 кейін тұрғынжайдан тыс жүрген 279 жасөспірім полиция бөлімшесіне жеткізіліп, әкімшілік кодекстің 442-бабына сәйкес жауапқа тартылған. Бала тәрбиелеу бойынша міндеттерін тиісті деңгейде атқармаған 7 ата-ана есепке қойылып, тәртіп сақшылар 341 отбасыны тексерген. Жеткіншектердің заңды өкілдеріне ҚР ӘҚБтК-тің 127 бабымен 22 әкімшілік хаттама жасақталған. Патрульдік полицейлермен көлік құралын басқарған кәмелет жасына толмаған 1 тұлға ұсталып, нәтижесінде ата-анасына 612 баптың негізінде әкімшілік шара қолданылған. Одан бөлек 2 күн аралығында 132, 434, 437, 615 – баптар бойынша да бірқатар құқық бұзушы жасөспірімдер тіркеуге алынған. Сілтеме: https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd-mangystau/press/news/details/625895?lang=kk 2023 жылдың қаңтар айы мен сәуір айы аралығында 1417 жасөспірім түрлі құқық бұзушылықтарға жол берген. Бұдан бөлек, кәмелетке толмағандармен орын алған 65 бұзақылық дерегі тіркелген. Олардың заңды өкілдері әкімшілік кодекстің 435 бабымен жауапкершілікке тартылып, тиісті мөлшерде айыппұл салынған. Сондай ақ, ҚР ӘҚБтК-тің 448 бабы, яғни жасөспірімдер арасындағы вандализм бойынша 2 факт анықталған. Сілтеме: https://okaygorod.com/aktau/news/7277 Жасөспірімдер арасындағы топтық төбелес фактісі бойынша 2023 жылы 9 ай ішінде 39 қылмыс тіркелген, оның 24-і Ақтауда болған. Сілтеме: https://mangystaumedial.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/mangistauda-zhasospirimder-arasindagi-toptik-tobeles-azayar-emes</p> |

| | |
|----------------------------------|---|
| | <p>Ақтау қаласында 27-28 шағын аудандарында жаппай төбелестен аталған іске қатысы бар деген күдікпен 15-18 жас аралығындағы 76 адам ұсталған. 56 ата-анаға осыған байланысты ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексі бойынша хаттама толтырылған. Оның ішінде 6 жасөспірім уақытша ұстау изоляторына қамалып отыр. Сілтеме: https://mangystaumedial.kz/kk/zhanalyktar/mangystau-zhanalyktary/aktaudagi_tobeleden_keyin_alti_zhasospirim_uakitsha_ustau_izolyatorina_kamaldi . Сілтеме: https://adyrna.kz/post/175115</p> <p>2023 жылғы 8 қыркүйекте сағат 23:08 шамасында 102 кезекші пультіне 27-шағынауданда 15 кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында төбелес шыққаны туралы ақпарат түскен. Кәмелетке толмаған 15 адамның заңды өкілдеріне ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 435, 442-баптары бойынша әкімшілік хаттамалар жасақталған. Сілтеме: https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/aktauda-jasospimder-jappay-tobel-shyigargan-353892/amp/ .</p> <p>2024 жылдың қаңтар айында Қарақия ауданы Құрық ауылында 15 жастағы оқушыны 10 бала жабылып ұрған. Жәбірленуші екінші топтағы ерекше қажеттілігі бар жан. Сілтеме: https://www.instagram.com/reel/C2jafwdqGYrMvHKCOmigMMIPTTIK9PI8ieow80/?igsh=ZTBiazhlNmtrcmM=</p> <p>Аталған деректер жасөспірімдердің құқықбұзушылық деңгейінің өткен жылмен салыстырғанда 33,3 %-ға артқанын көрсетіп отыр.</p> <p>Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың артуы, зиянды әдеттердің трансформациялануы және балаларға қатысты жағымсыз құбылыстардың ауқымы мен формасының жылдам өзгеруі білім беру саласында сын-қатерлер мен тәуекелдерді тудырып отыр. «7 жұрт» қоғамдық бірлестігі Жарғыға сәйкес білім беру, әр түрлі өзекті мәселелер бойынша тренингтер, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірсайыстар мен осыған ұқсас іс-шараларды өткізу, жастарды патриоттық тәрбиелеу бойынша іс-шаралар ұйымдастыру, әр түрлі ұйымдарға ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық көмек көрсету, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу секілді қызметтерді атқарып жүргендігін еске саламыз. Жоғарыда аталған мәселелерді шешуде Маңғыстау облысының білім басқармасы, жалпы орта білім беру ұйымдары, арнаулы орта білім беру мекемелері (колледж), Ювеналды полиция инспекторлары, Полиция департаменті, ата-аналар, комитет төрайымдары, қоғам белсенділері, психологтар бірлескен топ бірге жұмылады.</p> |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді» тарта отырып шаралар өткізу, кәмелетке толмаған балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас орнату, жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтау. |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған зияткерлік, қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шараларды, жасөспірімдердің сұранысына қарай әртүрлі форматтағы ағартушылық жұмысты өткізу; |

| | |
|---|--|
| | <p>2. Жасөспірімнің және ата-ананың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған кешенді ақпараттық жұмыстарды көрсету және насихаттау;</p> <p>3. Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді», қоғамдық ұйымдарды тарта отырып кездесулер, профилактикалық рейдтер ұйымдастыру;</p> |
| <p>6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).</p> | <p>«Бағыттайық» жобасы келесі қадамдар бойынша іске асырылады.</p> <p>Бірінші. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған зияткерлік, қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шараларды, жасөспірімдердің сұранысына қарай әртүрлі форматтағы ағартушылық жұмысты ұйымдастыру.</p> <p>Облыстық Білім басқармасымен бірлесе отыра, құқық бұзушылық деңгейі жоғары мектептер тізімі жасақталады. Маңғыстау облысындағы мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының 5-11 сынып аралығындағы оқушыларына бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында облыстық деңгейде 1 зияткерлік, 1 қоғамдық, 2 спорттық іс-шара (ерлер арасында) және 1 пікірсайыс лигасы ұйымдастырылады. “IQ” зияткерлік ойынына кемінде 10 команда қатысады. Шара өтетін жер тапсырыс берушімен келісу арқылы жалға алынып, бекітіледі. Қоғамдық бірлестіктің әлеуметтік парақшасына 5 күн бұрын арнайы анонс видеоролик, афиша шығарылады. Қатысушы оқушылар саны - 50. Әлеуметтік желіге 1 афиша, жеңімпаз командадан сұқбат, 2 пост, сайтқа 2 мақала жарияланады. 5-11 сынып оқушылары арасында “Спортқа бізбен бірге” тақырыбында спорттық ойын ұйымдастырылады. Оқушыларға тоғызқұмалақ, асық ату, шахмат, үстел теннисі, қол күрес, ләңгі тебу, футбол, волейбол сынды спорты түрлерінен жарыс өткізіледі. Шараға барлығы 200 жуық оқушы қатысады. Спорттық шараға жергілікті 10 судья қызметі қамтамасыз етіліп, командаға кубок, 1,2,3, орын дипломдары, қаржылай сыйлық табысталады. Қаржылай сыйлық сертификаты ПВХ материалдан. Жоба аясында өткізілетін кіші шараларға 1 баннер (3*4 размер) дайындалады.</p> <p>Екінші. Жасөспірімнің және ата-ананың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған кешенді ақпараттық жұмыстарды көрсету және насихаттау.</p> <p>Жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында (Facebook, Instagram, whats app, telegram, tik-tok) әлеуметтік желілерде ұзақтығы кемінде 1 минуттан аспайтын 5 видеоролик дайындалып, шығарылады. Әр видеоролик қаралымы кем дегенде 5000 адам болады. 5 видеоролик охваты кем дегенде 25 000 адамды құрайды. Тақырыптары: суицид, қаржылай алаяқтық, нашакорлық пен есірткіге тәуелділік, буллинг және кибербуллинг, зорлық-зомбылық, ерте жаста босану, жыныстық тиіспеушілік. Әлеуметтік желі арқылы мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнама жүргізіледі. Қатысушылар саны - 500.</p> <p>Үшінші. Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді», қоғамдық ұйымдарды тарта отырып кездесулер, профилактикалық рейдтер ұйымдастыру.</p> <p>Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді» тарта отырып, 5-11 сынып оқушыларына арналған кемінде 3 мотивациялық кездесу ұйымдастырылады. Жиынға жобаның инновациясы ретінде 1 республикалық танымал спикер, 2 аймақтық спикер шақырылады. Қатысушы оқушылар саны – 150. Еркін форматта өтетін кездесуге кофе-брейк қызметі, шара өтетін жер, лэд экран қызметі жалға алынады. Сонымен</p> |

| | | |
|---|---|-------------|
| | қатар Полиция департаментімен бірлесе отыра, қоғамдық ұйымдар мен қоғам белсенділерінің қатысуымен 10 профилактикалық рейд жүргізіледі. Түнгі ауыл көшелері, әсіресе азарттық ойын клубтары тексеріледі. | |
| 7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы | Маңғыстау облысы | |
| 8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні | Мамыр 2024 жыл | |
| 9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні | Қараша 2024 жыл | |
| 10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары | Жалпы орта мектептің 5-11 сынып оқушылары, 11-17 жас аралығындағы жасөспірімдер, ата-аналар, аймақтық спортшылар, қоғамдық пікір көшбасшылары, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлер». | |
| 11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері | Аймақтағы жалпы білім беру ұйымдарындағы 5-11 сынып оқушыларының 5%-ын құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмысқа тарту | |
| Сандық нәтижелері | Маңғыстау облысындағы мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушыларына арналған 1 зияткерлік, 1 қоғамдық, 2 спорттық іс-шара, 1 пікірсайыс лигасы ұйымдастырылады. Қатысушы оқушылар саны – 270. Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді» тарта отырып, 5-11 сынып аралығындағы оқушыларына арналған кемінде 3 мотивациялық кездесу өтеді. Жиынға жобаның инновациясы ретінде 1 республикалық танымал спикер, 2 аймақтық спикер шақырылады. Қатысушы жастар саны – 150. Жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында (Facebook, Instagram, whats app, telegram, tik-tok) әлеуметтік желілерде ұзақтығы кемінде 1 минуттан аспайтын 5 видеоролик және ақпараттық афиша дайындалып, шығарылады. Әлеуметтік желі арқылы мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнама жүргізіледі. Сауалнама толтырушылар саны – 500. Маңғыстау облысындағы қоғамдық ұйымдар мен қоғам белсенділерін тарта отырып, 10 профилактикалық рейд жүргізіледі. | |
| Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері | Жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында жарияланатын (Facebook, Instagram, whats app, telegram, tik-tok) 5 видеороликтің охваты кем дегенде 25 000 адамды құрайды. Облыс бойынша 97 473 оқушының нақты көру ықтималдығы кем дегенде 30 % дан жоғары. Зияткерлік, спорттық, қоғамдық шараларға, пікірсайыс лигасына қатысатын 5-11 сынып оқушыларының қамтылу деңгейі 100 %. Мотивациялық кездесуге Қанағаттану деңгейі 85% ды, сабаққа қатынасу деңгейі 100 % ды құрайтын болады. | |
| 12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* | Серіктес | Қолдау түрі |

| | | |
|--|---|---|
| * Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады | | |
| 13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады | <ol style="list-style-type: none"> 1. «Маңғыстау» облыстық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, жоба аясында 2 рет; 2. «Ақтау» қалалық телеарнасы – жаңалықтар репортажы, жоба аясында 2 рет; 3. «Mangystauzhastary.kz» сайты – қысқаша материал, жоба аясында 5 рет; 4. «Lada.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, жоба аясында 2 рет; 5. «Mangystaumedial.kz» ақпараттық сайты – қысқаша материал, жоба аясында 5 рет; 6. «Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, жоба аясында 1 рет; 7. «Огни Маңғыстау» облыстық газеті – мақала, жоба аясында 1 рет; 8. @Mangystau.news инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында 2 рет; 9. @7_zhurt инстаграм парақша – пост, жоба аясында 15 рет; 10. Zheti Zhurt Фейсбук парақшасына – пост, жоба аясында 15 рет; 11. @7_zhurt инстаграм парақша – видеоролик, жоба аясында 4 рет; 12. Zheti Zhurt парақшасына – видеоролик, жоба аясында 4 рет; 13. Маңғыстау жастары Фейсбук парақшасы – пост, жоба аясында 2 рет; 14. @caspiantodaykz инстаграм парақшасы – пост, жоба аясында 2 рет; | <ol style="list-style-type: none"> 15. Маңғыстау облысының білім басқармасы Фейсбук парақшасы – пост, жоба аясында 10 рет 16. https://umcdo.edu.kz/kz/ сайты – қысқаша материал, жоба аясында – 5 рет. |

4. Күнтізбелік жоспар

| № P\c | Шешілетін міндет* | Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны | Басталу күні | Аяқталу күні | Күтілетін нәтижелер |
|-------|---|--|-------------------|----------------|--|
| 1 | Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған зияткерлік, қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шараларды, жасөспірімдердің сұранысына қарай әртүрлі форматтағы | Маңғыстау облысы мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының 11 сынып оқушылары арасында “IQ” зияткерлік ойыны ұйымдастырылады. | қыркүйек 2024 жыл | қазан 2024 жыл | “IQ” зияткерлік ойынына кемінде 10 команда қатысады. Қатысушы оқушылар саны - 50. Жеңімпаз командаларға естелік сыйлықтар мен дипломдар табысталады. Әлеуметтік желіге 1 афиша, жеңімпаз командадан сұқбат, 2 пост, сайтқа 2 мақала жарияланады. |

| | | | | | |
|---|---|---|----------------------|-------------------|--|
| | ағартушылық жұмысты ұйымдастыру | Шара өтетін жер тапсырыс берушімен ақылдаса келе жалға алынады, сыйымдылығы 50 адамды құрайды. | | | |
| 2 | Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған зияткерлік, қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шараларды, жасөспірімдердің сұранысына қарай әртүрлі форматтағы ағартушылық жұмысты ұйымдастыру | Маңғыстау облысы мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары арасында “Спортқа бізбен бірге” спорттық ойындары өткізіледі. Өтетін орны: “Маңғыстау Арена” спорт кешені | қыркүйек 2024 жыл | қазан 2024 жыл | Спорттық шараға 5-11 сынып оқушылары қатыстырылады. 5 сынып оқушылары тоғызқұмалақ, асық атудан, 6 сынып оқушылары шахматтан, 7 сынып оқушылары үстел теннисінен, 8- 9 сынып оқушылары қол күрес, ләңгі тебуден, 10-11 сынып оқушылары футбол, волейболдан жарысқа қатысып жеңімпаз атанады. Шараға барлығы 200 жуық оқушы қатысады. |
| 3 | Жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған зияткерлік, қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шараларды, жасөспірімдердің сұранысына қарай әртүрлі форматтағы ағартушылық жұмысты ұйымдастыру | Маңғыстау облысы мемлекеттік жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында пікірсайыс лигасы ұйымдастырылады. | қыркүйек 2024 жыл | қазан 2024 жыл | Маңғыстау облысы бойынша 5 аудан және 2 қала мектептерінің оқушылары арасында пікірсайыс ұйымдастырылып, жеңіске жеткен командалар арасында облыстық 1 пікірсайыс лигасы өтеді. |

| | | | | | |
|---|---|--|-------------------|-------------------|--|
| 4 | Жасөспірімнің және ата-ананың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған кешенді ақпараттық жұмыстарды көрсету және насихаттау | Жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік жағымсыз құбылыстардың алдын алу мақсатында әлеуметтік желілерге видеоролик, ақпараттық афишалар дайындалып, шығарылады. Әлеуметтік желі арқылы жасырын сауалнама жүргізіледі. | мамыр 2024 жыл | қазан 2024 жыл | Facebook, Instagram, whats app, telegram, tik-tok секілді әлеуметтік желілерде ұзақтығы кемінде 1 минуттан аспайтын 5 видеоролик дайындалып, шығарылады. Әр видеоролик қаралымы кем дегенде 5000 адам болады. 5 видеоролик охваты 25 000 адамды құрайды. Сонымен қатар кемінде 6 тақырып бойынша ақпараттық афишалар дайындалып әлеуметтік желілер арқылы таратылады. Тақырыптары: суицид, қаржылай алаяқтық, нашақорлық пен есірткіге тәуелділік, буллинг және кибербуллинг, зорлық-зомбылық, ерте жаста босану, жыныстық тиіспеушілік. Әлеуметтік желі арқылы мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау бойынша жасырын сауалнама жүргізіледі. Сауалнама толтырушылар саны - 500. |
| 5 | Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді», қоғамдық ұйымдарды тарта отырып кездесулер, профилактикалық рейдтер ұйымдастыру | Маңғыстау облысындағы қоғамдық ұйымдар мен қоғам белсенділерін тарта отырып, профилактикалық рейд ұйымдастырылады | мамыр 2024 жыл | қазан 2024 жыл | Маңғыстау облысының спорт саласының үздіктері, жастар орталығының қызметкерлері, жас еріктілер, қоғамдық ұйым өкілдері және т.б. топ мүшелерімен бірге кешкі сағат 19:30 дан бастап профилактикалық 10 рейд жүргізіледі. |
| 6 | Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді», қоғамдық ұйымдарды тарта отырып кездесулер, | Аймақтағы белгілі спортшыларды, қоғамдық пікір көшбасшыларын, зиянды әдеттен арылған «кейіпкерлерді» тарта отырып, 5-11 сынып оқушыларына арналған кемінде 3 | мамыр 2024 жыл | қазан 2024 жыл | Жиынға жобаның инновациясы ретінде 1 республикалық танымал спикер, 2 аймақтық спикер шақырылады. Қатысушы оқушылар саны – 150. Жобаға республикамызға белгілі отбасылық психолог Ержан Мырзабев «Бақытты отбасының 7 принципі» тақырыбымен шақырылады. Еркін форматта өтетін кездесуге кофе-брейк қызметі 3 рет , шара өтетін жер 3 рет , лэд экран қызметі 3 рет жалға алынады. Шара нәтижесінде әлеуметтік желіге 10 пост, 4 сайтқа 6 мақала, 3 сұқбат, облыстық жаңалықтар репортажына 1 |

| | | | |
|---|--|--|--|
| кездесулер, профилактикалық рейдтер ұйымдастыру | арналған кемінде 3 мотивациялық кездесу ұйымдастырылады. Шара өтетін жер тапсырыс берушімен ақылдаса келе жалға алынады, сыйымдылығы 50 адамды құрайды. | | 3 сұқбат, облыстық жаңалықтар репортажына 1 сұқбат беріледі. Мотивациялық кездесу соңында қатысушылардан кемінде 50 кері байланыс алынады. |
|---|--|--|--|

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

Торайы Н. Мұратқан



2024 ж. "27" 02

(ұйым басшысының лауазымы) (қолы) (қолдың толық жазылуы) (толтыру күні)